Құттықтаймыз!

Сәтиев Қайырбек Мүфтанұлын құттықтаймыз!

ҚР мәдениет қайраткері, Май ауданының Құрметті азаматы, сазгер-ұстаз, еңбек ардагері Сәтиев Қайырбек Мүфтанұлын мерейлі 70 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік белесі - 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Өмірдің талай белестерінен сүрінбей өтіп, бүгінгі өркен жайған алып бәйтеректей әулеттің ақылшы тірегі, арқасүйерісіз. Адам - еңбегімен асқақ деген, жақында «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталдыңыз. Шығармашылық жолындағы жетістігіңіз бағаланып, облыс көлемінде үздік сазгер атағын иеленді.

Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Немерелер жүрегіңізге жастық жалын сыйлап, отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын!

Ізгі тілекпен:
Сәтиевтер әулеті, туған-туыстар

(1044).

Жария тыңдауға шақырады

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 5 қазанда сағат 11.00-де «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС-нің жылу энергиясын беру және тарату қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекенжайда өткізіледі: Павлодар қ., Ак. Сәтбаев көшесі, 136, 4-қабат, 418-кабинет.

Осыған байланысты, Департамент Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын, табиғи монополиялар субъектілерін және өзге де мүдделі тұлғаларды ашық жария тыңдауға қатысуға шақырамыз.

Анықтама телефоны: 8 8 (7182) 616-097;
«Теміржолсу-Павлодар» ЖШС - 8 (7182) 37-27-67.

(20264)

Жеңіл автокөліктер сатып аламын.

Бағасы: **100 000 теңгеге дейін.**

Тел.: **8-747-367-80-63**

(880)

«№36 сәбилер бақшасы» МКҚК

Мектептегі оқуға интеллектуалдық дайындықтың көрсеткіштерінің бірі ұсақ моториканың жоғары дамуы болып табылады. Өкінішке қарай қол моторикасының аз қолдану салдарынан, қазіргі балалардың жазуды игеру немесе сөйлеудегі дамуында мәселелер бар. Ұсақ моториканың дамуы - қол саусақтарының жылдам және нақты қозғалуына, сөйлеуіне және жазуға дайындығына - күшті әсер етеді. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарындашпен жазып үйренуі керек. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Анара САРСЕНҒАЛИЕВА,
Павлодар қаласы Ленин кенті.

(1035).

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің әкімшілігі және ұжымы Халықаралық білім беру корпорациясының Директорлар кеңесінің төрағасы Әмірлан Айдарбекұлы Құсайыновқа бауыры

Темірлан Айдарбекұлы Құсайыновтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АДАМ - ЕҢБЕГІМЕН АСҚАҚ

Ісімен өнеге

Биыл Павлодар облысына 80 жыл толды. Осы жылдар арасында қаламыз дамып, гүлденіп, заманауи қарқындады. Ертістің Павлодар өңірінің дамуына аймақ тұрғындары, соның ішінде Теренкөл ауданының тұрғындары атсалысып келеді. Ауданның атын алмастыру туралы Президенттің Жарлығы 90 жылдық мерейтойға сыйлық болды. Аудан қарқынды түрде дамып келеді, әлеуметтік маңызы бар объектілердің салынуы, жол және су құбырларының құрылысы - осының дәлелі. Дегенмен, ауданның дамуына зор үлес қосатын адамдар оның басты байлығы болып табылады. Осындай үлгі тұтарлықтай тұлғалардың бірі - өз өмірін жермен байланыстырған «Динара» ШҚ басшысы Талғатбек Зейнуллаұлы Мұқанов.

Талғатбек Зейнуллаұлы 1958 жылғы 29 қыркүйекте Павлодар облысы Качир ауданы Жасқайрат ауылында дүниеге келді. Ол қарапайым мұғалімнен мектеп директорына дейінгі аса қиын жолды өткен әкесі Зейнулла Нұрғалиұлы Мұқановты үлгі тұтты. ҰОС қатысушысы бүкіл өмірін балаларды тәрбиелеуге арнады. Туған ауылында қазақ мектебін сақтап қалу үшін көп еңбек етті. Талғатбек Зейнуллаұлының ұшқыр ойлылығы, алған бетінен қайтпаушылығы, еңбекқорлығы - әкесінен дарыған қасиеттері. Сол қасиеттерінің арқасында ол өмірлік қиындықтардан өтіп, алға қойған мақсаттарына жетуді үйренді.

Оқуды аяқтағаннан кейін 1975-1977 жылдары Жасқайрат жоғары мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. Сол жылы Красноармейка ауылшаруашылық техникумына агроном мамандығы бойынша түсті. Еңбек жолын Качир ауданы Октябрьский совхозының №5 бөлімшесінде бастады, 1981-1985 жылдары Ертіс ауданының Новоивановский совхозында агроном-тұқым өсіруші болып қызмет етті. Өндірістен қол үзбей 1983 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтына түсті, онда агрономия мамандығын игеріп шықты.

1985 жылдан бастап кейіннен өз өмірін ұштастырған Береговой совхозының №2 бөлімшесінде жұмыс жасады. 1988 жылы Береговой совхозына агроном-тұқым өсірушісі болып ауыстырылды, ол жерде совхоз таратылғанға дейін қызмет етті.

Елімізде болған өзгерістерден кейін нарықтық қатынастар пайда болған шақта, жаңа тұрақсыз уақыттың ақиқатында жоғалмай, Зеленая роща ауылында «Динара» шаруа қожалығын құрады.

Оңай болған жоқ. Шаруашылықтың иелігінде ескі трактор мен комбайн болды. Дегенмен, жұмысқа жауапкершілікпен қарағандығы, тырысқандығы, өз ісін жақсы білгендігі, агротехникалық нормаларды сақтағандығы өз нәтижесін берді. Бүгінгі таңда «Динара» ШҚ бірнеше ауқымды егіс алқаптарына, жаңартылған заманауи техникаға ие және ауданның беделді қожалықтарының бірі болып табылады. Мұндай деңгейге жетуге біріншіден ұжымның біріге жұмыс істеуі мүмкіндік туғызды. Қызметкерлердің көбі осы ШҚ-да бірнеше жылдар бойы қызмет етіп келеді. Олар осы ауылдың тұрғындары, тәжірибелі механизаторлар: Матвейчук В.А., Цыцер А.Ф., Абишев Р.М. және т.б.

Т.З.Мұқанов әрқашан жерлестеріне қолдау көрсетеді, Зеленая роща мектебіне көмектеседі, ауылда өтетін әлеуметтік-мәдени шаралардың ұйымдастырылуына атсалысады. Сондай-ақ, өзінің кішкентай туған жері Жасқайрат ауылын да ұмытпайды. Бірнеше мәрте құрмет грамоталарымен марапатталды. Дегенмен, оның ең басты сыйы - балалары. Жұбайымен бірге екі ұл және бір қыз бала тәрбиеледі. Бүгінгі таңда немерелері өсіп келеді.

«Динара» ШҚ басшысы Талғатбек Зейнуллаұлы Мұқановтың табысқа жетуінің негізгі факторы еңбекқорлығы, мақсаткерлігі, көрегенділігі, сондай-ақ, көп жылдар бойы сүйікті ісімен айналысуы, яғни туған ауылында ауыл шаруашылығын дамытуы болып табылады.

Талғатбек Зейнуллаұлын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Темірдей мықты денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Шаңырағыңызға құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманыңыз асқақ, шығар биігіңіз асқаралы болсын!

Ізгі ниетпен: **достары.**

(17).

САРЫАРҚА САМАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)
«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30
ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.

Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы:
ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары 66-14-61.
Жауапты хатшы 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
«Айналайын» 66-14-63.
«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі:
s_samaly_reklama@mail.ru
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі 66-15-41.

Фототілші, корректорлар - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14758 дана, бүгінгі көлемі 5 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны. 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 2052

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.